

МРПТИ 06.52.17
УДК 316.334.3 (574)
JEL P P2 P25

PRACTICE OF IMPLEMENTATION OF THE PRINCIPLES OF CORPORATE SOCIAL RESPONSIBILITY IN KAZAKHSTAN COMPANIES

A.K.Baltabaeva,
PhD Student at Turan University
Almaty, Kazakhstan

The aim of the study is a scientific substantiation of the ways and mechanisms for the development of social responsibility of business in the regions of Kazakhstan in the context of the specifics and level of their socio-economic development. Achieving this goal required solving a number of research tasks: identifying the stages of development of corporate social responsibility of business in Kazakhstan in the context of the specific development of the domestic business sector; consideration of the mechanism of interaction between business and government in solving the problems of regional economic systems; analysis of the practices of interaction between government, business and society on the example of domestic business structures.

Methodology - When developing the research topic, the methods of system, comparative and statistical analysis, the method of expert assessments were used. The expert survey, the analysis of documents, the secondary analysis of sociological studies were used as empirical research methods.

Conclusions - The domestic model of social responsibility has a significant political component, the main interaction in the field of CSR is carried out along the lines of «business power». Corporate social responsibility in Kazakhstan is based on informal and often non-transparent rules of interaction between the state and big business. At the same time, in the interaction of government and business, there is already a tendency towards institutionalization of relations, towards a transition from a policy of bargaining to a mutually beneficial partnership, for the time being mainly at the regional level. Understanding of social responsibility as a synonym for charity, which is often an informal social obligation for domestic business, is quite popular. In the area of CSR, each company is in search of its own balance between business interests, market challenges, public expectations and government requests.

Keywords: charity, corporate social responsibility, socially responsible business, social investments, sustainable development

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДА КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ ТӘЖІРИБЕСІ

А.К.Балтабаева,
Тұран Университетінің PhD докторанты
Қазақстан, Алматы қ.

АННОТАЦИЯ

Зерттеу мақсаты – Қазақстан аймақтарында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту жолдары мен механизмдерін ғылыми тұрғыда дәлелдеу. Бұл олардың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен деңгейі контекстінде жүзеге асады. Алға қойған мақсатқа жету үшін бірнеше зерттеу

ушілік міндеттерді шешуге тура келді: отандық кәсіпкерлік секторды дамыту ерекшелігі контекстінде Қазақстандағы бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамыту кезеңдерін анықтау; аймақтық экономикалық жүйелер мәселелерін шешуде бизнес пен биліктің өзара әрекеттесу механизмін қарастыру; отандық бизнес құрылымдар мысалында билік, бизнес және қоғамның әрекеттесу тәжірибесіне талдау жүргізу.

Әдістемесі – зерттеу тақырыбын әзірлеу кезінде талдаудың жүйелі, салыстырмалы және статистикалық әдістері, сарапшылық бағалаудың әдісі қолданылды. Зерттеудің эмпирикалық әдістер ретінде сарапшылық сауалнама, құжаттарды талдау, әлеуметтік зерттеулерді екінші мәрте талдау қолданылды. *Ерекшелігі/құндылығы* – зерттеудің маңыздылығы отандық компаниялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру тәжірибесін сыни талдау болып табылады. Осы талдаудың нәтижелері корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың негізгі алғышарттары мен бағыттарын жасауға септігін тигізді.

Қорытындылар – әлеуметтік жауапкершіліктің отандық үлгісінің саяси құрамдас бөлігі бар, КӘЖ саласында басты әрекеттесу «бизнес-билік» үлгісі бойынша жүзеге асады. Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мемлекет пен ірі бизнестің арасындағы әрекеттесудің бейресми және әдетте ашық емес ережелеріне негізделген. Бұл ретте билік пен бизнес арасындағы әрекеттесуінде қарым-қатынастың институционализациясына, саудаласу саясатынан өзара табысты серіктестікке көшу тенденциясы әзірге аймақтық деңгейде белең алып келеді. Әлеуметтік жауапкершілік көп ретте қайырымдылық сөзімен синонимдес болып келеді, бұл отандық бизнес өкілдері үшін бейресми әлеуметтік міндет ретінде қабылданады. КӘЖ саласында әрбір компания бизнес-мүдделер, нарық жаңашылдықтары, қоғам болжамы мен мемлекет сұраныстары арасында өз теңгерімін іздеу үстінде.

Түйінді сөздер: қайырымдылық, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік жауапты бизнес, әлеуметтік инвестициялар, тұрақты даму.

КІРІСПЕ

Жоғары дамыған елдердің әлемдік тәжірибесі әлеуметтік мәселелердің тек мемлекетпен ғана шешілмейтінін айқын көрсетеді. Осы үрдістің белсенді қатысушысы болып коммерциялық сектор табылады, оның тұрақты дамуына байланысты қоғамның амандығы, елдің жалпы тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігі артады. Осындай ынтымақтастықтың басты алғышарты әлеуметтік жауапкершілікті бизнеске бағдарлану болып саналады. [1]

Бизнестің әлеуметтік белсенділігінің негізгі артықшылықтарына салық жеңілдіктерін, компанияның қаржылық тұрақтылығын арттыруды, клиенттермен қарым-қатынасты нығайтуды, жаңа серіктестердің пайда болуын, бәсекелестік артықшылықтарды күшейтуді, қызметкерлердің бейілділігін арттыруды жатқызуға болады. Бұдан бөлек компаниялардың басым бөлігі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жайында жариялауды ұнатады, себебі бұны өз имидждерін көтеру мүмкіндігі ретінде қарастырады. [2]

Отандық кәсіпкерлер мен компаниялардың тәжірибесі әлеуметтік жауапкершіліктің тек имиджді ғана көтеріп қоймай, кәсіпорынның дамуы мен бизнестің ілгері басыуына септігін тигізетінін көрсетеді. Жалпы әлемдік тәжірибе әлеуметтік жауапкершілігі жоғары компаниялардың сату көлемін арттыра, нарықта бренд жайғасымын нығайта, өзінің жеке инвестициялық тартымдылығының еселене және өнімді өндірудің өзіндік құнын қысқарта алатынын көрсетеді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

Соңғы кездері билік өкілдері мен кәсіпкерлік ортаның арасындағы өзара әрекеттесудің түрлі формалары мен тәсілдері Қазақстанда да кең тарала бастады. Бұл ретте тәжірибе компаниялардың осы өзара әрекеттесу ұғымын корпоративтік басқару жүйесінің бір бөлігі және корпоративтік стратегияның басты элементтерінің бірі болып қарастыратынын көрсетеді. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің (КӘЖ) концепциясы өзі туралы мәлімдеу, өз құндылықтарын алға бастыру мүмкіндігін бере отырып, бұл ретте өзін сенімді жұмыс беруші әрі үдемелі компания ретінде көрсетіп, әлеуметтік жайғасым құралы түрінде жиі түсіндіріледі. [3]

Жалпы отандық компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігінің даму үдерісінде 3 кезеңді бөліп қарастыруға болады:

1991 - 1998 – жекешелендіру барысында компаниялардың әлеуметтік инфрақұрылымының реструктуризациясы;

1999 - 2002 – жеке тұлғалар мен ұйымдарға бір жолғы көмек көрсетуден мақсатты бағдарламаларды қаржыландыруға біртіндеп көшу; жалпы іскерлік ортада және қоғамда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы түсінікті қалыптастыру;

2003 – қазіргі уақыт – корпоративтік филантропияның институционализациялануының басы, корпоративтік және жеке қорлардың дамуы, коммерциялық емес ұйымдарды корпоративтік бағдарламаларды жүзеге асыруға тарту. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) тұрақты даму аспектілерінің бірі болып қарастырылады. [4]


Алайда егер дамыған елдердің деңгейімен салыстыратын болсақ, Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесі дамудың алғашқы сатысында тұр, бұл ретте КӘЖ-дің генераторы көп ретте тиісті талаптарды орнататын мемлекет болып табылады. Ал дамыған елдерде кез келген деңгейдегі компаниялардың әлеуметтік міндеттемелердің болуы нарықта өз ісін жүзеге асыруға қажетті қалыпты талап болып саналады.

Бүгінгі сәтте КӘЖ-дің қазақстандық үлгісі соңына дейін қалыптаспады әрі билік пен бизнестің өзара әрекеттесудің келесі бағыттарын бөліп көрсетуге болады.

Бірінші бағыт – бұл «ерікті-мәжбүрлі қайырымдылық». Ол кәсіпкерлерден қосымша (ерікті-мәжбүрлі) алымдар көзі ретінде қарастырылады, алымдар белгілі бір нормаға сай алынбайды әрі еш бақылаусыз шығындалады.

Екінші бағыт әлеуметтік-экономикалық дамуы толықтай қала құрушы кәсіпорындардың кәсібіне тәуелді моноқалаларға тән болып келеді. Қазақстандық компаниялардың аймақтық кәсіпорындары көп ретте сондай болғандықтан, олардың өнеркәсіптік әрекетінің нәтижелілігі аймақтық стейкхолдерлермен әрекеттесу сапасына байланысты болады. Компанияны бірінші кезекте аймақтағы бизнестің беделін арттыру, жергілікті қоғамға қайшы келмейтін корпоративтік мүдделерді көтеру мүмкіндігі толғандырады. Бизнес пен мемлекеттің өзара әрекеттесуінің үшінші бағыты биліктің кәсіпкерлік құрылымдармен әрі тұрғындармен өзара әрекеттесуін топшылайтын әлеуметтік серіктестік болып табылады. [5]

Жалпы Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру 1-суретте сызба түрінде ұсынылған.



1-сурет – Қазақстандағы КӘЖ-дің көрінісі [6]

Қазақстанда кеңестік кезеңнің басқа елдеріндегі сияқты КӘЖ-дің ең көп тараған тәжірибесі болып қайырымдылық қызмет, еріктілер және демеушілік табылады. Компаниялар басшылықтары қайырымдылық бағдарламаларына дәстүрлі және қазіргі заманғы тәсілмен қарайтынын бірден бөліп

өткен жөн. Қайырымдылық көмек алушылардың арасында дәстүрлі бағдарламалар шеңберінде келесі мақсаттағы топтар жиі кездеседі: балалар мен жастар (дарынды, сондай-ақ көмекке мұқтаж), зейнеткерлер, соғыс ардагерлері, мүгедектер. Осылайша, қайырымдылық бағдарламалар шеңберінде халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының басым бөлігі бойынша қолдау жүзеге асырылады, сол арқылы компания қатысу аумағындағы кедейлік пен әлеуметтік шиеленіс қаупін төмендетеді. Көмек бір реттік сипатқа ие және ұзақ мерзімді стратегияларға негізделген болуы мүмкін. Негізінен көмек Компанияның бұрынғы қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне көрсетіледі.

Бизнес-үдерістерге енгізуге қажетті ең күрделі нысандар бизнес жүргізу үшін әлеуметтік жауапты тәсілді қалыптастыратын және барлық мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу үшін компанияның стратегиялық шешімдер жүйесіне әлеуметтік жауапкершілікті толық интеграциялауды көздейтін әлеуметтік инвестициялар болып табылады.

Әлеуметтік инвестициялар кәсіпорынның, сондай-ақ жалпы мемлекеттің тұрақты дамуына, сондай-ақ тұтастай алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейіне қолайлы әсер ететін КӘЖ-дің құрылымдық элементі болып табылады. [7]


Әлеуметтік жауапкершілік пен әлеуметтік инвестициялау КӘЖ-дің бір бөлігі ретінде 1-кестенің деректеріне сәйкес қарапайым қайырымдылықтан айтарлықтай ерекшеленетінін атап өткен жөн.

1-кесте. Қайырымдылық пен әлеуметтік инвестициялаудың салыстырмалы талдауы

Салыстыру критерийлері	Әлеуметтік инвестициялау	Қайырымдылық
Мақсаты	Әлеуметтік инвестициялау субъектісіне қажетті әсерді алу	Қайырымдылық объектісіне қажетті пайдалы әсерді алу
Субъекті	Корпорация - инвестор	Корпорация - қайырымдылық
Объекті	Әлеуметтік орта	
Заты	Әлеуметтік орта элементтерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы	
Құралдары	Қаржы құралдарының жиынтығы	Қайтарымсыз сый

Ескерту – [8] негізінде автормен құрастырылған

Елімізде корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің қағидаларын әдетте ірі әрі орта бизнес өкілдері ұстанады. 2-суретте жалпыланған түрде көрсетілген шағын бизнестің КӘЖ-ге қатысты жайғасымы қарама-қайшы болып табылады.



2-сурет. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына қатысты бизнестің жайғасымы

Eurasian Resources Group (бұдан әрі - ERG) табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу саласындағы әртараптандырылған жетекші компания отандық компанияларда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын табысты енгізудің мысалы болып табылады. Төрт континентте он бес елде өз қызметін жүзеге асыратын ERG жалпы саны 69000 адамнан асатын біріктірілген тау-кен металлургия, қайта өңдеу, энергетикалық, логистикалық және маркетингтік кәсіпорындарға ие. ERG Еуразиялық тобы Қазақстан Республикасының аумағында мынадай өндірістік активтерді басқаруды жүзеге асырады: Қазхром ТҰК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), Қазақстан алюминийі, Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуроазиялық энергетикалық корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл көмір және «ТрансКом» ЖШС – Қазақстанның экономикасына айтарлықтай үлес қосатын еліміздің ірі кәсіпорындары. [9]

ERG Еуразиялық тобы қызметінің ауқымы елдің бүкіл экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызы бар, көптеген адамдардың мүдделерін қозғайды. Осыған байланысты компания экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік құрамдас бөлікке аса көңіл бөле отырып, өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады

Аймақтардағы қоғамның әл-ауқаты мен дәулетін арттыруды мақсат ететін компанияның стратегиясы оның әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму қағидаларына бейілділігін көрсетеді. ERG Еуразиялық тобы үшін әлеуметтік жауапкершілік компанияның қоғамның дамуына ерікті үлесі ретінде және әлеуметтік, экономикалық, экологиялық жауапкершіліктің жиынтығы ретінде қарастырылатын стратегиялық басымдық болып табылады. Еуразиялық топ әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын мүлтіксіз ұстанады, олар: жаңа жұмыс орындарын құру, қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу болып табылады. ERG Еуразиялық тобының тұрақты даму саласындағы міндеттерін шешу тиімділігі компанияны басқарудың қазіргі заманғы жүйесін, активтерді, оның ішінде шетелде құру және басқару тәжірибесі мол тәжірибелі және жауапты менеджментті қамтамасыз етеді. ERG Еуразиялық тобындағы корпоративтік басқару ұзақ мерзімді перспективаға бизнесті тұрақты дамыту үшін жағдай жасауға, компанияның құнын арттыруға, қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсуін қолдауға, тәуекелдерді бақылауға және төмендетуге бағытталған.

Компанияның бизнес-моделінің негізгі элементі болып табылатын тұрақты даму 1-кестеде ұсынылған келесі қағидаларға негізделген қоршаған ортаға әсер ету тұрғысынан жауапты басқаруды, әлеуметтік дамуды білдіреді.

1-кесте –ERG Еуразиялық топтың тұрақты дамуының қағидалары

Қағидалары	Мазмұны
Нәлдік залал	Компания барлық жаракаттарды болдырмауға болады деп есептейді әрі ұзақ мерзімде қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайтуға тырысады
Көшбасшылық	Дамушы нарықтарға тән жаңашылдықтармен кездескен кезде, компания Топтың барлық кәсіпорындарында тұрақты даму тәжірибесін ендіруге тырысады
Есеп берушілік	Компания барлық стейкхолдерлерге өз әрекеттерін түсіндіре отырып, өз шешімдері үшін жауапты болады
Теңгерімді тәсілдеме	Шешімдерді қабылдау үдерісі бизнес пен стейкхолдерлер мүдделерінің теңгерімі негізінде тұрақты дамудың ұзақ мерзімді пайдасын назарға алады
Тұтастық	Айқындық пен этикалық нормалардың сақталу қағидаларына сай жұмыс істейтін компания сенім, ашықтық және адалдық мәдениетін құрастыруға бар күшін салады
Инновациялар	Компания тұрақты даму қағидаларына сәйкес өз жұмысын жетілдіру, өнімділік пен операциялық тиімділікті арттыру тәсілдерін үздіксіз іздеу мен енгізу үдерісінде болады

Ескерту – [10] негізінде автормен құрастырылған.

Сондай-ақ, ERG-да тұрақты даму жетістікті білдіреді:

- жалпы бизнестің тұрақтылығы, бұл өз кезегінде даму стратегиясы мен бизнес-үдерістердің тұтастай алғанда болашақ өзгерістерге дайындығын қамтамасыз етуді, сондай-ақ ұзақ мерзімді болашақта құндылықтар жасау қабілетін болжайды;

- стейкхолдерлер-қызметкерлер - акционерлер, клиенттер, іскерлік серіктестер, жер қойнауының меншік иесі мемлекеттер және әсіресе жергілікті қауымдастықтар үшін тұрақты пайданы қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді, тұрақты және табысты өсу.

2-кесте. ERG Еуразиялық топтың мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара әрекеттесудің негізгі қағидалары мен бағыттары

Стейкхолдерлер тобы	Әрекеттесу тәсілдері	Талқыланатын мәселелер
Коммерциялық қызмет		
Клиенттер	Өнімді жасау кезінде әрекеттесу. Клиенттердің сұранымдарына кері байланыс ұсыну.	Жеткізілімдердің тұрақтылығы/болжамдығы Өнім сапасы/бағасы Кобальттың жауапты өндірісі
Жеткізушілер, бизнес-серіктестер және мердігерлер	Бизнес ассоциациялар мен бастамалар арқылы әрекеттесу. Қауіпсіздік, еңбекті және денсаулықты қорғау, оқыту және аудит бойынша үздіксіз диалог	Келісімшарттардың тұрақтылығы Төлемдердің болжамдығы
Қаржы		
Акционерлер	Веб-сайтта жаңартулар, жаңалықтарды, өтініштерді, операциялық есептерді жариялау. Кездесулер мен көшпелі презентациялар. Қаржы қызметтері, олардың құрылымы, көлемі мен құны бойынша әрекеттесу.	Бизнестің тұрақты дамуы Дивиденттерді төлеу Корпоративтік беделі Шығындардың тиімділігі Бизнестің тиімділігі Жобаларды табысты жүзеге асыру
Мемлекеттік органдар		
Ұлттық басшылықтар	Рұқсаттарды беру бойынша әрекеттесу, заңнамалар талаптарына сәйкестілік және қызметті қадағалау. Заңнама мен мемлекеттік саясатты әзірлеу	Жергілікті халықтың дағдылары мен әлеуетін дамыту Өндірістің инновациялық тәсілдемелері Құқықтық/қаржылық реттеудің жүйесі
Биліктің аймақтық органдары	Мемлекеттік-жеке серіктестіктер (ынтымақтастық туралы меморандумдар).	Аймақтық әлеуметтік-экономикалық даму
Реттеуші органдар	Әлеуметтік-экономикалық даму жобаларын жүзеге асыру.	Атмосфералық ауаға лақтырылатын қалдықтарды есептей отырып, қоршаған ортаға әсері Өлімге әкеліп соқтырған жазатайым оқиғалар және жұмыскерлердің жарақаттары
Қоғам		
Жергілікті қоғамдастықтар	Қоғамдық тыңдаулар және кездесулер Әлеуметтік-экономикалық зерттеулер Әлеуметтік жобалар Жергілікті БАҚ-та ақпарат Жергілікті тұрғындардың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау	Өмір сүру сапасы Жұмыс орындарын ұсыну Атмосфералық ауаға лақтырылатын қалдықтар Суға қолжетімділік Қауіпсіздік
ҰЕҰ, азаматтық қоғам ұйымдары мен БАҚ	Салалық бастамаларға қатысу Көп тарапты бастамалар мен серіктестіктер Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру Баспасөз хабарламасы мен әлеуметтік жобалар туралы басқа жарияланымдар, қаржы ақпараты, жобаларды жүзеге асыру туралы ақпарат	Ақпаратқа қолжетімділік пен ашықтық Бизнес-этика
Компания қызметкерлері		
Жұмыскерлер және олардың өкілдері	Басшылық пен қызметкерлер арасында үздіксіз диалог Коммуникацияның ішкі арналары (Интернет, корпоративтік басылымдар, ішкі шаралар және т.б.) Өнімділікті арттыру бойынша ұсыныстар мен идеялар Кездесулер мен сауалнамалар	Еңбек шарттары Оқыту және дамыту Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау Жұмыскерлер мен олардың отбасылары өмірінің сыртқы жағдайлары
Жоғарғы топтың жетекшілері	Еңбек қарым-қатынастарының орныққан арналары арқылы қызметкерлермен үздіксіз диалог Ұжымдық шарттар Оқиғаларды тексеру	Біліктілікті арттыру Кәсіби дамыту

Ескерту – [11] негізінде автормен құрастырылған

Бұл ретте 2-кестеде ұсынылған компанияның мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара сындарлы іс-қимылды дамыту тұрақты дамудың негізі ретінде қаралады. Компания үшін стейкхолдерлердің пікірі маңызды болғандықтан, стейкхолдерлердің түрлі топтарымен өзара сындарлы іс-қимыл бағыттарын анықтауға бағытталған мүдделі тараптармен тұрақты диалог жүргізіледі. Нәтиже ретінде кері байланыстың реттелген жүйесі тәуекелдерді, сондай-ақ Компания қызметінің тиімділігін арттыру және кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді

Қазақстанда КӨЖ-дің дамуы мен қалыптасуында көптеген компаниялар, соның ішінде Еуразиялық топ мемлекеттік құрылымдарға үлкен рөл бөледі. Осылайша, Еуразиялық Топтың кәсіпорындары қатысатын елдердің Үкіметі аса маңызды стейкхолдерлердің бірі болып табылады, бұл бірінші кезекте олардың мемлекеттік саясат, заңнама, реттеу және жаңа лицензиялар беру арқылы олардың қызметіне әлеуетті әсерімен негізделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің топқа әлеуетті әсері айтарлықтай, бұл мына факторларға байланысты:

- ҚР Үкіметі ERG акцияларының 40%-ына иелік етеді;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері ERG Менеджерлер кеңесінің мүшелері болып табылады;
- ERG Ұлттық ЖІӨ-ге, тау-кен өндіру және металлургия секторына, энергетикалық сектор мен логистикаға үлесі тұрғысынан Қазақстанда стратегиялық және экономикалық маңызды рөл ойнайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ERG-дағы 40% үлес тиесілі екенін назарға ала отырып, ҚР Үкіметімен өзара әрекеттесу корпоративтік тәртіп кодексіне (КТК) сәйкес жүргізіледі, оған сәйкес ERG Еуразиялық тобы ERG Менеджерлер Кеңесі алдын ала мақұлдаған ерекше жағдайларды қоспағанда, саяси қызметті тікелей немесе жанама түрде қолдай алмайды. Саяси мақсаттарға арналған кез келген жарналар ERG ішкі нормаларына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешуді талап етеді. Саяси мақсаттарға арналған кез келген жарналар ERG ішкі нормаларына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешуді талап етеді. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуді дамыту шеңберіндегі тұрақты даму саласында корпоративтік есепті дайындау маңызды жоба болып табылады.

Компанияның қызметін құрайтын нақты мүдделі тараптардың қоғам үшін маңыздылығы туралы ақпаратты кешенді, жүйеленген түрде ұсынуы Компанияға деген сенімнің өсуін арттыруға арналған, ынтымақтастықтың маңызды мәселелері мен неғұрлым өзекті міндеттерін белгілеуге көмектеседі. [12] Еуразиялық топтың жергілікті қоғамдастықтарға оң ықпалының мысалдары мыналар болып табылады:

- жұмыс орындарын құру;
- өңірде ұсынылған жергілікті өндірушілер мен жеткізушілерден тауарлар мен қызметтерді сатып алу;
- біз ынтымақтасатын үшінші тұлғалардың қызметіне негізделген экономикалық даму;
- жергілікті қоғамдастықтарға пайда әкелетін өндірістік инфрақұрылым (мысалы, электр энергиясы, көлік және т. б.);
- бір бөлігі жергілікті қоғамдастық деңгейінде бөлінетін салықтар мен роялтиді төлеу

Еуразиялық топта КӨЖ жүйесінің жұмыс істеу тәжірибесін қарастыру компанияның ішкі және сыртқы бастамаларын талдауды көздейді, ол 3-суретте сызба түрінде ұсынылған.

Осылайша, ERG-нің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі ішкі әлеуметтік саясат және сыртқы әлеуметтік саясат деген екі негізгі бағыттар бойынша қалыптасады деуге болады. Ішкі корпоративтік әлеуметтік саясат компания жұмысшылары үшін жүргізілетін әлеуметтік саясат болып саналады, яғни ол осы компанияның шеңберінде шектелген. Компания орналасқан аумақта жергілікті қоғамдастық үшін ERG жүргізетін әлеуметтік саясат сыртқы болып табылады.

Бірінші кезекте ішкі бағытталғандарды қарастырамыз, өйткені олар компанияның бизнес-үдерістеріне, қызметкерлеріне және жұмыс шарттарына ең көп дәрежеде бағдарланған. Бұдан басқа бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі өз қызметкерлеріне деген қамқорлықтан және еңбекке жайлы жағдайларды қамтамасыз етуден басталады. Компания КӨЖ жүйесіне жататын сыртқы әрекеттермен және бағдарламалармен белсенді түрде көрінгенімен, егер оның ішкі жауапкершілік кешені жүзеге асырылмаса, ол әлеуметтік жауапкершілікті деп саналмайды. Шетелдік және отандық кәсіпорындардың

сәтті тәжірибелері ішкі КЭЖ бағдарламалары еңбек өнімділігі мен өнім сапасының өсуі есебінен кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасайтындығының дәлелін көрсетеді. Олар ішкі резервтерге операция жасау есебінен ауқымды инвестициялық ресурстарды пайдаланбай-ақ бәсекеге қабілеттілігін арттыру тәсілдерінің бірі болып табылады.



3-сурет. ERG-нің КЭЖ саласындағы ішкі және сыртқы бастамалары

Отандық компаниялардың әлеуметтік жауапкершілікті тәртібін қалыптастырудың ең маңызды бағыттарының бірі заманауи технологияларды енгізу, қоршаған ортаны қорғау негізінде еңбектің қауіпсіз жағдайын жасау болып табылады. Ірі бизнестің кәсіпорындары кәсіби қауіпсіздік және денсаулық саласында OHSAS 18001 халықаралық стандарты бойынша және бір мезгілде экология саласында ISO 14001-96 халықаралық стандарты бойынша сертификаттаудан өтеді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік Еуразиялық топтың маңызды бизнес артықшылығы болып табылады. Үздіксіз оқыту жолымен «қауіпсіздік бәрінен маңызды» қағидасына негізделген мәдениетті енгізу компания стратегиясының қауіпсіздікті басқару бойынша негізгі элементі болып табылады.

2017 жылы Компания Қазақстанда қауіпсіздікті жақсартудың корпоративтік бағдарламасын іске асыруға көшті. Осы бағдарлама жұмыстың негізгі бағыттарын, орташа мерзімді мақсаттарды және жаңа бастамаларды анықтайды және оған:

- Қазақстандағы кәсіпорындарда жұмысшыларды ынталандыру, сондай-ақ желілік басшылар үшін қауіпсіздік саласында ТТК анықтау бойынша саясатты енгізуді көздейтін ынталандыруды, құзыреттілікті және хабардарлығын жақсарту;

- қауіпсіздікті басқару жүйелері жатады. Осы бағыт аясында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету рәсімдеріне өзгерістер енгізілді және қауіпсіздік саласында қауіптер туралы уақтылы және тиімді хабарлауды қамтамасыз ету үшін оқиғалар туралы мәліметтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілді;

- жұмыс орнындағы жабдықтар мен еңбек қауіпсіздігі жатады, осы бағытта барлық кәсіпорындарда жабдықтармен байланысқан қауіптерді бағалау және жабдықтарды жаңғырту бес жылдық жоспарын жасау көзделген.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бағдарлама аясында қосымша іс-шараларға:

- барлық өндірістік мамандықтар бойынша қауіптерді тұрақты бағалау жатады. Жұмыс орнында қауіптерді төмендету бойынша жоспар ең алғаш рет 2013 жылдың басында ұсынылды. Еуразиялық топ кәсіпорындарында жалпы алғанда 4600-ден астам жұмыс орындары/мамандықтары анықталды, оның 50-і 2019 жылдың кезеңінде қауіптерді төмендету бойынша ерекше шараларды талап етеді, өйткені жұмыстардың осы түрлері салаларға тән қауіпті факторлармен байланысты және оларды орындау кезінде жоғары жарақаттануға әкелуі мүмкін.

- жиі болатын салдары төмен жарақаттар жағдайларының себептерін жою бойынша жаңа бағдарламаны енгізу, олар үйлесімсіз жоғары дәрежеде еңбекке қабілеттілік күндерін жоғалтып, жарақаттар санын ұлғайтуға жағдай жасайды;

- халықаралық стандарттарға сәйкес қауіпсіздік мәдениетін салыстырмалы түрде талдау мақсатында кәсіпорын жұмысшылары арасында сауалнама жүргізу;

- күрделі шығындарды жоспарлау үдерісінде жедел қауіптерді бағалау рәсімдерін біріктіру;

- мамандығы қауіпті жұмысшыларды бұдан да тиімді бақылау үшін бейнебақылау жүйелерін орнату және қауіпті өндірістік учаскелерді бақылау үшін ұшқышсыз ұшатын аппараттарды үздіксіз қолдану жатады [3].

ERG Еуразиялық топ кәсіпорындары ірі экологиялық және әлеуметтік қауіптердің қайнар көздері болып табылады, олардың қоршаған ортаға әсері және қатысу аймақтарын дамытудағы рөлі әлеуметтік-экологиялық жауапкершілікті дамытуда негізгі түрткі болып табылады.

Осылай, ERG Еуразиялық топтың әлеуметтік стратегиясында маңызды орын экологиялық жауапкершілік мәселелеріне беріледі. Еуразиялық Топ ресурстарды тиімді пайдалануға және топ кәсіпорындарының өндірістік қызметінің қоршаған ортаға қатысу аймақтарындағы тұрақты дамуға сәйкес келетін тәжірибелерді қолдану жолымен кез келген сәтсіз әрекет етуін төмендетуге бейілділігін көрсетеді.

Осы бейілділік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша ERG саясатының (ҚЖЕҚЖҚОҚ) талаптарымен қуатталады, оған сәйкес компания:

- алдағы халықаралық тәжірибелерге сай келетін ҚЖЕҚЖҚОҚ саласында мәселелерді басқару жүйелері мен бағдарламаларын жасау, енгізу және жақсартуға;

- ERG-ның барлық кәсіпорындарында жоғары буынды басшылардың ҚЖЕҚЖҚОҚ саласында қауіптерді бағалауын есепке алып, нәтижелілікті жақсартуға жауапкершілігін қамтамасыз етуге;

- барлық қызметкерлердің ҚЖЕҚЖҚОҚ саласындағы олардың міндеттерінің түсінігін қамтамасыз етуге;

- қызметті жоспарлау және шешімдер қабылдау үдерістерінде ҚЖЕҚЖҚОҚ мәселелерін ескеруге міндетті.

Компания өз қызметінде экологиялық саясаттың келесі қағидаларын басшылыққа алады:

- экологиялық қауіпсіздік басымдылығын ұлттық қауіпсіздіктің құрама бөлігі ретінде есепке алу; энергия үнемдеу және өндірістік үдерістердің барлық сатыларында табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану;

- өндірістік үдеріс өмірлік кезеңнің барлық сатыларында қоршаған ортаға келтіруі мүмкін жағымсыз әсерін төмендету;

- экологиялық жағымсыз зардаптарын жою бойынша шараларға алдын алу шараларын қолдану басымдығы;

- дамытудың көп нұсқалы сценарийлері негізінде экологиялық басымдықтарды есепке алып, басқару және инвестициялық шешімдер қабылдау;

- компанияның беделін инфрақұрылым жасаушы, әлеуметтік жауапкершілікті ретінде қалыптастыру.

Еуразиялық Топ 2003 жылы Қазақстанда алғашқы болып ферроқорытпа, темір кенін, глинозем және алюминий өндіруде қоршаған ортаның қорғалуын басқарудың ресми жүйесін енгізді.

Қазақстанда орналасқан топтың барлық кәсіпорындары ISO 14001 стандартына сәйкес сертификатталған. Топтың барлық кәсіпорындарында экологиялық бағдарламалар халықаралық стан-

дарттар талаптарына сәйкес келтірілген, бұл халықаралық сертификаттар сәйкестігімен расталған. Бұдан басқа, Еуразиялық топ Қазақстанда алғашқы болып химия қалдықтарын басқару жүйесін енгізу арқылы қауіпті қалдықтардың әсерін төмендетуге бағытталған химиялық заттар бойынша саясатты қабылдады. Компания қызметінің қоршаған ортаға әсерін төмендету бойынша қабылданған шаралар арасында мыналар ерекше болып саналады:

- жаңа технологияларға инвестициялар;
- электр қуаты мен суды тұтыну көлемін қысқарту;
- ландшафтқа және биологиялық әртүрлілікке әсерін азайту бойынша бағдарламалар;
- барлық зиянды заттар шығарындыларына және қоршаған ортаға олардың әсерін қатаң бақылау.

2017 жылы компания SHEC саласында саясатты жаңартты, оған сай оның басымдығы қолданыстағы заңнамаға және қатысу елдеріндегі нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мүмкіндігі бар және мақсатқа сай жерлерде талаптарды арттыру болып табылады. Бұған қолданыстағы халықаралық тәжірибе сәйкестігі жатады, мысалы SHEC саласында көп ұлтты кәсіпорындар үшін ХҚК қызмет стандарты және тиісті ЭЫДҰ-ның басқару қағидасы.

ERG Еуразиялық топ қоршаған ортаны қорғау бойынша қызмет пен қызметті жүргізуге әлеуметтік лицензия арасындағы тікелей байланысты сезеді, сондықтан жергілікті қоғамдастықтардағы стейкхолдерлермен азаматтық секторлар ұйымдарының өзара ынтымақтастығы маңызды болып табылады. Мысалы, Қазақстандағы негізгі өндірістік аймақтардың бірі - Павлодар облысындағы компания қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жергілікті қоғамдастықтың және ҰЕҰ көптеген өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста қызмет жасайды. Соңғы екі жылда осы өзара әрекеттесуге мыналар енді:

- Павлодар облысының экологиялық құзыреттілік орталығымен бірлесіп, қоршаған ортаны мониторингтен өткізу;
- қоғамдастықтарды жұмысқа тарту бойынша 40-қа жуық іс-шара өткізу, ағаштар отырғызу, өзендерге балық жіберу және т.б. жатады;
- экологиялық менеджмент жүйесімен таныстыру және компания қызметі туралы жалпы хабардар болуын арттыру мақсатында жергілікті жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының кәсіпорынға баруы;
- жергілікті билік органдарының және БАҚ өкілдерін экологиялық сауаттылыққа оқыту.

2016 жылдан бастап компания қоршаған орта жағдайын мониторингтен өткізу қорытындысын мемлекеттік органдарға зиянды шығарындылардың мемлекеттік тіркеліміне жариялау үшін және Қазақстанның ластаушыларын ауыстыру үшін ұсынып отырады. Бұл тіркелім айқындықты қамтамасыз ететін және қоғамның тарапынан бақылауды ұлғайтуға көмек беретін құрылымдалған мәліметтер базасы болып табылады. Сонымен қоса, топ кәсіпорындарының қатысу аймақтарында жергілікті қауымдастықпен олардың қызметінің қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша консультациялар өткізді.

Ұлттық заңнамаға және қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес өндірістегі ірі жобалардың немесе өзгерістердің іске асырылуының басталуына дейін әсерлерін кешенді бағалау және қоғамдық тыңдаулар жүйелі түрде өткізіліп тұрады.

Мысалы, өткен жылы Қазақстанда жобалардағы өзгерістерге байланысты 40 қоғамдық тыңдаулар өткізілді, олардың ең маңыздылары:

- Павлодар облысы Ақсу қаласының маңайында орналасқан сазды жыныстар кен орнын ашық тәсілмен өңдеу;
- Ақсу ферроқорытпа зауыты № 6 балқыту цехын қайта жаңарту;
- Дон кен-байыту комбинаты – «Қазхром» ТҰК АҚ-ның филиалы шахтасының құрылысы.

Еуразиялық топтың қайырымдылық және демеушілік қызметі «ERG Көмек» корпоративтік қоры арқылы, сондай-ақ Топтың құрамындағы тікелей кәсіпорындарының иелерімен мына бағыттар бойынша жұмыстар жүзеге асырылады:

1) Балалар үйін және балалар білім беру мекемелерін қолдау, аз қамтылған отбасылардың балалары, Қазақстан SOS ауылы тәрбиеленушілері үшін Қазақстанның ең үздік лагерлерінде демалысты ұйымдастыру.

2) Спорт жобаларын қолдау, олардың қатарында волейбол, ат сайысы, велоспорт, футбол, мәнерлеп сырғанау, теннис, ауыр атлетика. «Ертіс» және «Ақтөбе» футбол клубтарына, ҚР Хоккей федерациясына, ҚР Шахмат федерациясына, Олимпиада жүлдегерлеріне демеушілік көмек.

3) Мәдениет жобаларын, мәдени мұра кітаптарының басылымдарын қолдау («Домбыра», «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті», Қазақстанның алтын қауырсындарының ең үздік басылымдары бар жинақты шығару).

4) Рухани конфессиялардың дамуына үлес қосу, Хромтау, Ақтөбе, Ақсу, Рудный қалаларында шіркеулер мен мешіттердің, Қостанай қаласында синагоганың қайырымдылық құрылысы.

5) Денсаулық сақтау объектілеріне жедел медициналық көмек үшін өтеусіз негізде тапсыру арқылы медицина мекемелерін қолдау (50 машина); Қарағанды қаласында емхана ашу үшін демеушілік көмек; Ақтөбе облысында дәрігерлік-амбулаторлық орталықтың құрылысы, Балқаш көлінде балшықты су емханасының құрылысы.

6) ҰОС ардагерлеріне атаулы көмек көрсету. Ұлы отан соғысының 70-жылдығына орай Ресей Федерациясы Псков облысында қаза болған қазақстандық жауынгерлерге ескерткіш орнату және қалпына келтіру бойынша жоба іске асырылды. Офтальмологиялық патологиясы бар ҰОС ардагерлері үшін израильдік мамандарды тартып, емдеу-диагностикалық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жоба жүзеге асырылды. Шамамен 50 ота жасалды. [3]

2010-2017 жылдары Қазақстандағы Еуразиялық Топтың кәсіпорындары қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға және әлеуметтік саланы ұстауға, сондай-ақ демеушілік пен қайырымдылыққа 194 миллиард теңге жұмсады, оның ішінде 120 миллиард теңге тек демеушілікке және қайырымдылыққа бағытталды.

Компания біртіндеп қайырымдылықтан өңірлік деңгейде компаниялардың бір орынға жинастырылған әлеуметтік инвестицияларына көшуді жүзеге асырады. 2017 жылы Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялар сомасы 101,5 миллион АҚШ долларын құрады, бұл әлеуметтік инвестициялардың жалпы көлемінің 91,4%-ын құрайды. Қазақстандағы қоғамдастыққа әлеуметтік инвестициялар саласындағы бастамалар мынадай факторларға негізделген.

Біріншіден, жергілікті қоғамдастықтармен тарихи қалыптасқан өзара қарым-қатынастар, олардың көпшілігі топ кәсіпорындарының көп жылдық операциялық қызметінің нәтижесінде құрылған.

Екіншіден, мемлекетпен ынтымақтастық. Әлеуметтік инвестициялардың едәуір бөлігі жыл сайын өңірлік билік органдарымен жасалатын стратегиялық серіктестік туралы келісімдер (ынтымақтастық туралы меморандумдар) шеңберінде жүзеге асырылады. Аталған серіктестіктер жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Басты назар инфрақұрылымды, білімді, жастарды, спортты, денсаулық сақтау мен әлеуметтік бірлікті дамытуға аударылады. Мысалы, ERG-ның қатысу өңірлерін дамыту бағытындағы жетістіктердің бірі Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарының әкімдіктерімен — қатысу өңірлерімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға жыл сайын қол қою болып табылады. 2017 жылы Еуразиялық топ жалпы сомасы жеті миллиард теңгеге меморандумдарға қол қойды.

Компания мемлекеттік билік органдарымен серіктестікті қызметкерлердің және ERG кәсіпорындары бар аймақтардағы барлық халықтың игілігі үшін әлеуметтік инвестициялардың барынша тиімді жұмысына бағытталған «Туған жер – Родные города» атты жаңа стратегиялық бастаманы іске асырып, қайта құрастырды.

Үшіншіден, қызметкерлер мен жергілікті қоғамдастықтар. Бірегей әлеуметтік контекст компанияға әлеуметтік инвестициялардың бір бөлігін қоғамдастыққа жіберуге, сондай-ақ жергілікті қоғамдастық мүшелері болып табылатын кәсіпорындар қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Компанияның осы саладағы бастамалары ұзақ мерзімді болашақта қызметкерлердің көптеген ұрпақтары және олардың отбасы мүшелері өмір сүру мен жұмыс үшін қатысу өңірлерін өзі таңдауға бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай келе, бизнес құрылымдардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік концепцияларын жүзеге асырудың проблемалық аспектілеріне қатысты келесі қорытындылар жасауға болады.

Көп ретте сыртқы нарықта жұмыс істейтін қазақстандық ірі компаниялардың біраз бөлігі КӘЖ қағидаларын жүзеге асырудың маңыздылығын түсінгенімен, отандық субъектілердің басым бөлігі, көбінесе шағын бизнес субъектілері корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің қағидаларын белсенді түрде игеруге асықпайды, тіпті оны қажет етпейді. Қалыптасқан жағдайдың басты себебі отандық бизнестің ұлттық басымдығы, идеологиясы мен стратегиясы түрінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын енгізу және жүзеге асыру бойынша мақсатты саясаттың мемлекеттік деңгейде болмауы.

Одан басқа, КӘЖ концепциясы, қағидалары көп компаниялар үшін абстрактылы түсінік болып табылады, олар үшін әлеуметтік саясат, әлеуметтік бағдарламалар, қызметкерлерді ынталандыру, әлеуметтік инфрақұрылым және т.б. терминдер үйреншікті саналады. КӘЖ идеялары аймақтарда баяу таралып әрі енгізіліп жатыр. [15]

Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің дамымай қалған элементтерінің бірі өз қызметінің нәтижелілігі туралы бизнестің әлеуметтік есебі болып табылады. Әдетте ол ірі бизнес құрылымдарында ұсынылған және көп ретте биліктің мемлекеттік органдары мен акционерлеріне бағытталған.

Сонымен, КӘЖ-дің тиімді отандық үлгісінің одан әрі дамуы ашықтықтың, экологиялық қауіпсіздіктің, еңбек қатынастарының және қоғамды қолдаудың қабылданған халықаралық қағидаларына негізделеді. Қазақстандағы КӘЖ концепциясы мемлекет, қоғам және компания жүйелі түрде күш салса ғана дами алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Freeman R.E., Velamuri S.R. A new approach to CSR: company stakeholder responsibility. In: Corporate social responsibility: reconciling aspiration with application / Ed. By A. Kakabadse and M. Morsing. – N.Y.:Palgrave Macmillan, 2006. – P. 9-23.
2. Суева Ю.В. Корпоративная социальная ответственность бизнеса как фактор устойчивого развития экономики региона и страны в целом//Вопросы инновационной экономики, 2011.- №10 - с.25-33 //http://www.creativeconomy.ru/articles/15729
3. Корпоративная социальная ответственность. Новая философия бизнеса: учебное пособие М., 2011.
4. Аленичева Л. В. Механизмы взаимодействия органов власти и бизнеса в рамках корпоративной (социальной) ответственности. Опыт социального партнерства. URL: asi.org.ru/ – Агентство социальной информации
5. Гуревич Л.Я. Казахстанский предприниматель: самооценка собственной истории, предназначения и перспектив//http://www.bisam.kz/research/reports/msb.html
6. Проблемы и перспективы развития КСО в Казахстане. Доклад депутата Мажилиса Парламента РК, Президента Гражданского Альянса Казахстана Соловьевой А.С., .Алматы// http://www.ngoexpert.kz
7. Бизнес и власть: теория и практика взаимодействия: монография/научный редактор и руководитель авторского коллектива Л. Н. Шохин//Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики». М.: Издательский дом Высшей школы экономики, 2011. с. 137-138.
8. Корпоративная социальная ответственность по-казахстански: госорганы, бизнес и гражданский сектор как ключевые участники построения системного подхода к КСО//Программа для молодых исследователей в области публичной политики Фонда Сорос-Казахстан, 2016
9. Официальный сайт ERG <https://www.erg.kz/ru/content/ustoychivoe-razvitie/blagotvoritel-nost-i-sponsorstvo>
10. Отчет по устойчивому развитию за 2016 год Eurasian Resources Group, www.erg.kz
11. Отчет по устойчивому развитию за 2017 год Eurasian Resources Group, www.erg.kz
12. Корпоративная социальная ответственность. Case-study: на примере 30 компаний Казахстана. LPRC, 2015
13. Концепция корпоративной социальной ответственности бизнеса в Казахстане. Национальная Палата предпринимателей Казахстана, Астана. 2015
14. Отчет по устойчивому развитию за 2015 год Eurasian Resources Group, www.erg.kz

15. Центр исследований Сандж. Корпоративная социальная ответственность в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития. – Астана: Сандж, 2013. – 97 с.

REFERENCES

1. Freeman R.E., Velamuri S.R. A new approach to CSR: company stakeholder responsibility. In: Corporate social responsibility: reconciling aspiration with application / Ed. By A. Kakabadse and M. Morsing. – N.Y.: Palgrave Macmillan, 2006. – P. 9-23
2. Sueva Yu.V. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost' biznesa kak faktor ustoichivogo razvitiya ekonomiki regiona i strany v tselom//Voprosy innovatsionnoi ekonomiki, 2011.- №10 - s.25-33 //http://www.creativeconomy.ru/articles/15729Corporate social responsibility. New business philosophy: studies. benefit M., 2011.
3. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost'. Novaya filosofiya biznesa: uchebnoe posobie M., 2011.
4. Alenicheva L. V. Mekhanizmy vzaimodeistviya organov vlasti i biznesa v ramkakh korporativnoi (sotsial'noi) otvetstvennosti. Opyt sotsial'nogo partnerstva. URL: asi.org.ru/ – Agentstvo sotsial'noi informatsii
5. Gurevich L.Ya. Kazakhstanskii predprinimatel': samootsenka sobstvennoi istorii, prednaznacheniya perspektiv//http://www.bisam.kz/research/reports/msb.html
6. Problemy i perspektivy razvitiya KSO v Kazakhstane. Doklad deputata Mazhilisa Parlamenta RK, Prezidenta Grazhdanskogo Al'yansa Kazakhstana Solov'evoi A.S., .Almaty// http://www.ngoexpert.kz
7. Biznes i vlast': teoriya i praktika vzaimodeistviya: monografiya/nauchnyi redaktor i rukovoditel' avtorskogo kollektiva L. N. Shokhin//Natsional'nyi issledovatel'skii universitet «Vysshaya shkola ekonomiki». M.: Izdatel'skii dom Vysshei shkoly ekonomiki, 2011. s. 137-138.
8. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost' po-kazakhstanski: gosorgany, biznes i grazhdanskii sektor kak klyuchevye uchastniki postroeniya sistemnogo podkhoda k KSO//Programma dlya molodykh issledovatelei v oblasti publichnoi politiki Fonda Soros-Kazakhstan, 2016
9. Ofitsial'nyi sait ERG <https://www.erg.kz/ru/content/ustoychivoe-razvitie/blagotvoritel-nost-i-sponsorstvo>
10. Otchet po ustoichivomu razvitiyu za 2016 god Eurasian Resources Group, www.erg.kz
11. Otchet po ustoichivomu razvitiyu za 2017 god Eurasian Resources Group, www.erg.kz
12. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost'. Case-study: na primere 30 kompanii Kazakhstana. LPRC, 2015
13. Kontsepsiya korporativnoi sotsial'noi otvetstvennosti biznesa v Kazakhstane. Natsional'naya Palata predprinimatelei Kazakhstana, Astana. 2015
14. Otchet po ustoichivomu razvitiyu za 2015 god Eurasian Resources Group, www.erg.kz
15. Tsentr issledovaniy Sandzh. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost' v Kazakhstane: situatsiya, problemy i perspektivy razvitiya. – Astana: Sandzh, 2013. – 97 s.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается отечественный опыт практики моделей корпоративной социальной ответственности (КСО). Проанализированы современные программы по реализации КСО в Евразийской группе ERG. Результаты внедрения программ рассмотрены в контексте устойчивого развития компании.

SUMMARY

The article discusses the domestic experience of the practice of corporate social responsibility (CSR) models. Analyzed modern programs for the implementation of CSR in the Eurasian group of ERG. The results of the program implementation are reviewed in the context of the company's sustainable development.